

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Список использованных источников:

1. Сосна С.А., Васильева Е.Н. Франчайзинг. Коммерческая концессия. – М.: ИКЦ “Академкнига”, 2005ж.-375б.
2. “Финансовый и Организационный Консалтинг”. Франчайзинг как способ развития бизнеса. – М. 2005ж.-11б.
3. Дуйсембаев А. Формирование и развитие франчайзингового бизнеса в Казахстане. Монография. Караганда: Изд-во «ФормаПлюс», 2012.-198
4. Вестник франчайзинга. Великий франчайзинговый путь// www.agentstvo.kz

ӘОЖ 94(574).084

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРКЕНДЕУДІҢ НЕГІЗІ – ЭТИКАЛЫҚ ӨРІС

Жаулы Х.Б., Теңізбаева А.Б.

bukenovna@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

мн-23, 2 курс, мамандық «Менеджмент»

Ғылыми жетекшісі – Нурбаева А.Т.

Дін және экономика адамзат тіршілігінің, адамның мақсат - мүддесінің асыл арналары болып табылады. Дін - мемлекет пен экономикадан бөлек десек те, елдің тұтастығы мен келешегі үшін дәстүрлі діннің әсері орасан зор. Экономика - бұл таза дүние, үй шаруашылығы нормаларын іс жүзіне асырып отырса, дін - өмірге деген көзқарастың ұстанымдарын орнықтыруға ұмтылады. Ислам әлемінің сырт көзге бір-бірінен алшақ көрінетін осынау өзекті өрістерінің табиғаты бір. Дін мен экономика біртұтас тарихи субъекті іс-әрекетінің көрінісі болып табылады.

Экономикалық өркендеуге мұрындық болатын ең басты себеп экономика саласында емес, этикалық өрісте жатыр, ал этика дегеніміз моральдық құндылықтармен, яғни наным-сеніммен, өмірге деген көзқараспен, бағыт-бағдармен тығыз байланысты. Діни дүниетаным саласындағы өзгерістер мен бетбұрыстардағы аса көрнекті әлеуметтанушы Макс Вебер өзінің әйгілі «Протестанттық этика және капитализм рухы» атты еңбегінде протестанттардың бизнестегі табысына ірге қалаған лютерандық пен кальвинизмнің ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Ғалым келтірген статистикалық деректерде капитал иелері мен кәсіпкерлер, жоғары білікті жұмысшылар, ірі кәсіпорындар басшылары арасындағы протестанттар үлесі зор екендігі көрінеді. Макс Вебер қазіргі заманғы капитализм өзегінде протестанттық еңбек этикасы жатқандығын атап көрсетеді. М.Вебердің көзқарасы Латын Америкасындағы қазіргі протестанттық қауымдарға жасалған талдау барысында расталып отыр. Зерттеу көрсеткеніндей, дінін өзгерткен жарлы-жақыбайлар өз ұстанымында қалған католиктерге қарағанда тұрмыс-тіршілік деңгейлерін бірден жақсартқан. Вебер «протестант өмір сүру үшін шоқынса, православ шоқыну үшін өмір сүреді» деген мәтелдің ақиқаттығын нақты мысалдармен дәлелдейді. Күні бүгінге дейін православие елдерінің әлеуметтік-экономикалық деңгейі төмен дәрежеде. Экономикалық дамудың бүкіл тарихы әрбір тарихи кезең үшін капиталдың айырықша типі тән екендігін көрсетіп отыр, ал тарихи кезең өз кезегінде қандай да болсын мәдени-діни дәстүрмен тікелей байланыста болады. Мәселен, сауданы дамытуға қаржы операцияларының қажет болуы себепті және ақша пайдаланғаны үшін өзге дін өкілдерінен пайыз алуға рұқсат берген иудей этикасы нәтижесінде иудей пайыздық этикасын өмірге әкелді. Индустриалдық дәуір капиталдың жаңа типін талап етті. Ал, протестанттық этика болса осы типке белгілі бір діни негіздемелер берді. Нәтижесінде өнеркәсіптік протестанттық капитал пайда болды. Бүгінде біз постиндустриализмнің жаңа капиталының пайда болуына куә болып отырмыз, ол индустриялық капиталдан формасы бойынша да, мазмұны бойынша да өзгеше болуға тиіс. Батыста өркендеп отырған этикалық экономика жақтастары экономикаға христиан этикасы, атап айтқанда протестантизм

этикасы қайта оралуы тиіс деп санайды. Ал, ислам өкілдері болса капиталды пайдаланудың жаңа тәсілдерінің негізіне исламның діни қағидалары алынуы тиіс деген пікірде [3].

Соңғы деректер бойынша, әлемде экономикасы дамып отырған 20 елдің тізімінде халқының басым бөлігі мұсылман елі болып табылады. Соның ішінде Индонезия, Түркия және Сауд Арабиясы елдері жоғарғы көрсеткіштерді көрсетіп отыр. Әсіресе, Түркия елінің экономикасы жыл сайын 5%-ға өсуін Британ сарапшылары елдегі исламизмнің дамуымен байланыстырып отыр.

Бүгінгі күні дамыған елдердің қаржылық институттары исламдық қаржыландырудың принциптеріне негізделген. Жаһандану заманында исламдық банктердің күннен-күнге бәсекеге қабілеттілігі артуда. Ең алғашқы коммерциялық исламдық банк 1975 жылы Дубайда ашылған. Қазіргі таңда қоры \$810 млрд. болып табылатын 500-ге жуық банктер жұмыс жасауда. Эксперттердің зерттеулері бойынша, соңғы 7-8 жылда тек Ұлыбританияның өзінде бес исламдық банкке лицензия берілді. АҚШ-та мұндай банктер біраздан бері жұмыс істейді. Исламдық банктердің басым көпшілігі Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия аймақтарында қызмет көрсетеді. Исламдық банктің бағалы қағаздар нарығындағы сукуктың даму үлесі жоғарылауда. Оның басым бөлігі жылына \$15 млрд. құрайтын Малайзия елінде. Қазақстан экономикасының дамуының бірден-бір тетігі ретінде -ислам қаржылық индустриясын көре аламыз.

Исламдық банкинг инвестор мен қарыз алушының тұрғысынан неғұрлым қолайлы болып табылады, өйткені ислам банк - көптеген қаржы нарықтарының қаупін азайту әдістерінің бірі болып табылады. Қазақстанда исламдық қаржыландырудың негізгі артықшылықтары мынадай:

- Қаржыландырудың балама көздерін тарту мүмкіндігі;
- Таяу Шығыстағы капиталдың өтімділігі;
- Исламдық қаржы институттары дағдарысқа деген төзімділігі;
- Келісімдер сенімге, адалдыққа, әділдікке, ашықтық қағидаттарына негізделген;
- Қаржылық ағындар нақты активтермен жасалады;
- Алыпсатарлықтың жоқтығы;
- Өндіріс әлеуетін дамыту, инфрақұрылым.

Соның негізінде Ұлттық Банк исламдық қаржыландыруды кезең-кезеңімен дамыту үшін «Қазақстандағы исламдық қаржыландыру принциптері бойынша қаржылық лизингті дамыту жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулыны қабылдады. Бұдан былай Ұлттық Банк исламдық қаржыландырудың принциптері негізінде жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар, ҰБ және Ариф исламдық қаржыландыру, соның ішінде Қазақстан экономикасына инвестиция тартуға бағытталған 2020 жылға дейінгі исламдық қаржыландырудың жол картасы атты іс-шараларды дамытуға қатысады. Қазақстан 2009 жылы ислам қаржылық индустриясының дамуына кең жол ашатын жаңа заңдар топтамасын қабылдаған болатын. Осыдан соң Абу-Даби үкіметінің қарамағындағы Әл Хилал банкі мұндай мүмкіндікті бірінші болып пайдаланып, 2010 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасында өзінің кеңсесін ашты. Әл Хилал банкінің Қазақстанның ең үлкен қаласы әрі қаржылық орталығы саналатын Алматыдағы кеңсесі жұмыс істеуде.

Әл Хилал биылғы жылы Қазақстан экономикасына 280 миллион доллар инвестиция салып, келер екі жылдың аясында бұл көрсеткішті бір миллиард доллардың деңгейіне жеткізбекші. Банк алдымен корпоративтік секторды, әсіресе ірі компанияларды қаржыландырмақ ниетте. Әл Хилал бүгінгі күні шамамен жиырма жобаны іс жүзіне асырып жатыр. Бұл жобалар бойынша несие «мурабаха» қарыз беру тәсілі арқылы таратылып отыр. Мурабаха бойынша банк клиенті тауарды үшінші тарапқа сатпас бұрын, (банкке) алған қарызын кейінірек қайтару шартымен ол тауарды несие есебінен сатып ала алады.

Қазақстан өз тарапынан ТМД және Орталық Азия елдерінде исламдық қаржыны дамытуға арналған заңнамалық базаны енгізе отырып, Алматы қаласын Орталық Азия өңіріндегі ислам қаржы хабы етуге күш салып отыр. Ислам банктері саудалық

қаржыландыру (Мурабаха), біріккен үлесті қаржыландыру (Мүшарака) , ислам банкингі аясында жалға беру (Иджара), сенімгерлік қаржылай басқару (инвестициялық депозит, Мудараба) қызметтерін көрсетеді. Әлемдік тәжірибе бойынша Ислам қор нарығы әуежайлар, зауыттар, жолдар, активтерді сатып алу сондай-ақ инфрақұрылымды салу үшін қаржы тартылатынына негізделгенін көрсетеді. Бұл жағдайда, инвесторлар осы объектілерді пайдаланудан түскен табысты алады. Шетелдік ислам өкілдерімен нарықта ынтымақтастық бірігуін мемлекеттің қолдауы – бұл әлемдік ислам қаржылық сарапшыларына Қазақстан елінің ТМД мен Орталық Азия еліндегі исламдық қаржылық хаб ретінде көрінуіне себепші болады.

Қорыта келгенде, елімізде исламдық қаржылық индустрияға көшу Қазақстан үшін жаңа экономикалық толқын болары сөзсіз. Исламдық қаржыландыру елімізде ірі ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берері анық. Қарапайым халқымыздың да исламдық қаржыландыру жүрегіне жақын тиер еді. Елімізде артта қалған салалар бір серпін алар еді. Шағын жән орта бизнес алға басып, ел экономикасында елеулі орынға шығады. Қызмет көрсету саласыда кенде қалмас еді. Исламдық қаржыландыру -тұрақты даму кепілі!

Қолданылған әдебиет:

1. «Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан», [//www.akorda.kz/kz/page/page_address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-n-nazarbayev-“strategy-kazakhstan-2050”-new-political-course-of-the-established-state”_1357813742//](http://www.akorda.kz/kz/page/page_address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-n-nazarbayev-“strategy-kazakhstan-2050”-new-political-course-of-the-established-state”_1357813742//);
2. «Республика Корея», [//https://ru.wikipedia.org/wiki/Республика_Корея//](https://ru.wikipedia.org/wiki/Республика_Корея//).
3. economics.kazgazeta.kz
4. knpk.kz/diniektremizm
5. e-history.kz/diniekttrimizm
6. adilet.zan.kz

ӘОЖ 004.4

ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМДІ ТАЛДАУ

Жолдыұлы Асылбек

asylbek-1997@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, МЖБ-23 тобының студенті, Астана,Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Сүгірбаева

Сызықтық бағдарламалау модельдерінде оңтайлы шешімді табумен басқару есептерінің стратегиясын негіздеу мен қалыптастыру жұмысы аяқталмайды. Іс жүзінде экономикада сыртқы ортаның өзгеруі – сұраныстың тұрақсыздануы, инфляцияның өсуі және т.б. өнімнің бағасын өзгертуге әкеледі. Оңтайлы модель үшін бұл мақсат функциясының коэффициенттеріне өзгерту енгізумен тепе-тең. Бұл жағдайда сұрақ туындайды: мұндай өзгертулер қалайша және неге әкеледі? Өндіріс бағдарламасын жүзеге асыру үшін қосымша қаржы және басқа ресурстарды тарту немесе қолда барды қайта бөлу мүмкіндігі қарастырылады. Оның нәтижесі не беретінін, бастапқы оңтайлы шешімге қалай әсер ететінін анықтауға талдау жүргізген дұрыс. Өйткені, оңтайландыру есебін шешкеннің өзінде әр түрлі сұрақтар туындауы мүмкін:

- Табылған оңтайлы шешім модель параметрлері, оның ішінде мақсат функциясының коэффициент өзгерісіне қаншалықты тұрақты? Егер өнімге деген сұраныс азайса (өссе), осы немесе басқа бұйымның бағасын түсіріп не көтеру қажет болар. Бұл жағдайда алдында табылған оңтайлы өндіріс бағдарламасын өзгерту керек пе?